

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ



«Бекітілген»
Университет ректоры, т.ғ.д., проф
С.С. Умбетов
« 29 » _____ 2024ж.



МАГИСТРАНТТАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ ТАҒЫЛЫМДАМАСЫН
ҰЙЫМДАСТЫРУ

Қызылорда 2024 ж

1 Қолдану саласы

Осы Ереже Қызылорда «Болашақ» университетінде магистратура білім беру бағдарламалары бойынша оқитын білім алушылардың орындайтын ғылыми-зерттеу жұмысының құрылымына, ресімдеу ережелері мен қорғау ісін ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптарды белгілейді.

Осы Ереже Қызылорда «Болашақ» университетінің кафедраларында қолдануға міндетті болып табылады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы Ереже мыналарға сәйкес әзірленді:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-IV «Білім туралы» Заңы (08.01.2021 ж. өзгерістер мен толықтырулармен);

2. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы №407-IV «Ғылым туралы» Заңы;

3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы (27.08.2024ж.№419 бұйрығымен өзгерістер енгізілген);

4. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы(24.06.2024ж. №307 бұйрығымен өзгерістер енгізілген);

5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары» (29.04.2024ж. №203 бұйрығымен өзгерістер енгізілген);

6. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы».

3. Терминдер мен анықтамалар, қысқартулар

Келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

3.1 Магистратура – кемінде 60-120 академиялық кредитті міндетті түрде меңгеру арқылы тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «магистр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі;

3.2 Магистр – магистратураның білім беру бағдарламасын меңгерген тұлғаларға берілетін дәреже; Магистрант – магистратурада білім алушы тұлға;

3.3 Магистрлік диссертация – ғылыми-педагогикалық магистратура магистрантының таңдалған білім беру бағдарламасы саласындағы өзекті проблеманың теориялық және/немесе практикалық әзірлемесін қамтитын өзіндік ғылыми зерттеуден тұратын, ғылым мен техниканың қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген бітіру жұмысы;

3.4 Ғылыми тағылымдама – магистранттарға диссертациялар үшін теориялық және практикалық материалдар жинауды жүзеге асыруға, тәжірибе алмасуға, өздерінің ғылыми зерттеулерін басқа ұйымдардың әріптестерінің алдында ұсынуға, сондай-ақ өз ізденістерінің нәтижелерін жариялауға, ғылыми конференциялар мен симпозиумдарға баяндамалармен қатысуға мүмкіндік беретін магистратура бағдарламасының міндетті компоненті болып табылады.

3.5 Жеке оқу жоспары (бұдан әрі – ЖОЖ) – білім алушының білім беру бағдарламасының және элективті пәндер каталогының негізінде эдвайзердің көмегімен әрбір оқу жылына жеке жасайтын оқу жоспары;

Жалпы ережелер

Барлық білі беру бағдарламаларының магистранттарына арналған ғылыми тағылымдама магистратураның негізгі білім беру бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылады және жеке оқу жоспарына сәйкес белгіленген мерзімде жүзеге асырылады, академиялық күнтізбемен және магистранттың жеке жұмыс жоспарымен анықталады. Тағылымдама магистранттарға қосымша кәсіптік білім берудің негізгі ұйымдастырушылық нысандарының бірі және пәндік құзыреттерді қалыптастыру және бекіту және оларды кейіннен ғылыми және оқу қызметінде пайдалану мақсатында өткізіледі.

Ғылыми тағылымдаманың мақсаты білім алушылардың кәсіби деңгейін арттыру, сондай-ақ білім беру бағдарламасы бойынша кәсіби білімді, іскерлікті және дағдыларды алу, бекіту және жетілдіру болып табылады.

Ғылыми тағылымдамадан өтудің негізгі міндеттері:

- ✓ шетелдік және отандық ғылымның соңғы теориялық және әдістемелік жетістіктерімен танысу;
- ✓ ғылыми-зерттеудің заманауи әдістерімен жұмыс істеу, ғылыми деректерді өңдеу және түсіндіру;
- ✓ практикалық дағдыларды, құзыреттіліктерді және оқытылатын мамандық бойынша кәсіби қызметтің тәжірибесін меңгеру;
- ✓ тиісті салада озық тәжірибені дамыту.

Магистранттың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысы (бұдан әрі – МҒЗЖ (МЭЗЖ)) шеңберінде магистранттың жеке жұмыс жоспарында инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен танысу үшін ғылыми ұйымдарда және (немесе) тиісті саладағы немесе қызмет салаларындағы ұйымдарда ғылыми тағылымдамадан міндетті өту қарастырылады. Ғылыми тағылымдамадан өту орны білім беру бағдарламасының ғылыми бағытына және зерттеу тақырыбына сәйкес келеді.

Тағылымдама бағдарламасы мен апталық жоспарын университет тағылымдама өтетін ұйыммен бірлесіп бекітеді. Тағылымдама бағдарламасы білім беру және ғылыми компоненттердің болуын қамтиды. Тағылымдамадан өтуге зерттеу тақырыбы бойынша алдын ала зерттеу нәтижелері және (немесе) жарияланымдары бар адамдар жіберіледі.

МҒЗЖ (МЭЗЖ) шеңберінде тағылымдамадан өту рәсімдерді міндетті түрде сақтай отырып, жоғары оқу орындары, ғылыми ұйымдар және/ немесе тиісті салалардағы немесе қызмет аясындағы ұйымдар арасындағы шарт немесе келісім негізінде жүзеге асырылады. Тағылымдамадан өту бағдарламалары Қызылорда «Болашақ» университетінің Қазақстан және шетелдік жоғары оқу орындарымен (ұйымдармен) келісімі шеңберінде іске асырылады және маман даярлаушы кафедра меңгерушілері мен жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімімен бірлесіп әзірленеді.

Шетелде тағылымдамадан өткен жағдайда, тағылымдама халықаралық рейтингтерге енгізілген жетекші ғылыми ұйымдарда және жоғары оқу орындарында, соның ішінде тиісті бағытта (by Subject (бай сабджект)) жүзеге асырылады.

Магистранттың шетелдік тағылымдамасы әлемдік ғылымның жаңа жетістіктерін игеру, ғылымның нақты саласында ғылыми, кәсіби қызметтің практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында өткізіледі.

Шет тілінде тағылымдамадан өткен жағдайда тіл білу туралы сертификаты болуы қажет:

- Ағылшын тілі: Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестинг программ) (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АйТиПи)) шекті балл – 163 балдан кем емес,
- Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестинг програм) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АйБиИТи)), шекті балл – 60-тан кем емес,

- Test of English as a Foreign Language Paper-based testing (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж пэйпер бэйсед тэстинг) (TOEFL PBT (ТОЙФЛ ПиБиТи)) шекті балл – 498-ден кем емес,

- Test of English as a Foreign Language Paper-delivered testing (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж пэйпер деливеред тэстинг) (TOEFL PDT (ТОЙФЛ ПиДиТи)) – шекті балл – 65-тен кем емес,

- International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем) (IELTS IELTS (АЙЛТС)) шекті балл – 6,0 кем емес;

- және/немесе неміс тілі (Германия, Австрия, Швейцария, Лихтенштейн, Бельгия немесе Люксембургте тағылымдамадан өтетін жағдайда): Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (дойче шпрахпрю фун фюр дейн хохшулцуган) (DSH, Niveau C1/C1 деңгейі), TestDaF-Pruefung (тестдаф-прюфун) (Niveau C1/C1 деңгейі);

- және/немесе француз тілі (Бельгия, Канада, Люксембург, Монако, Франция немесе Швейцарияда тағылымдамадан өткен жағдайда): Test de Français International™ Тест де франсэ Интернациональ - (TFI (ТФИ)) - оқу және тыңдау бөлімдерінде B1 деңгейінен төмен емес, Diplome d'Etudes en Langue française Диплом дэтюд ан Ланг франсэз - (DELFA (ДЭЛФА)), B2 деңгейі), Diplome Approfondi de Langue française Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз (DALF (ДАЛФА), C1 деңгейі), Test de connaissance du français Тест де коннэссанс дю франсэ (TCF (ТСФ)) - кемінде 400 балл.

Тағылымдаманың ұзақтығы кемінде күнтізбелік 14 күнді құрайды. Тағылымдаманың ұзақтығы мен мерзімі оқу процесінің кестесімен анықталады. Магистранттардың ғылыми тағылымдамасын ұйымдастыру іс-қимылдарының тізбесі **А қосымшасында** берілген.

Еңсерілмес күш жағдайлары (төтенше жағдай, карантин және т.б.)туындаған кезде ғылыми тағылымдама мерзімі неғұрлым кеш мерзімге ауыстырылады немесе қабылдаушы тараппен қосымша келісімдерге сәйкес қашықтықтан жүргізіледі. Бұл жағдайда шығыстарды өтеу жүргізілмейді, тек қабылдаушы тарапқа ғылыми тағылымдама үшін ақы төлеу сақталады. Ғылыми тағылымдаманы өткізуді ұйымдастыру келесі кезеңдерді қамтиды:

- 1) білім алушының ғылыми жетекшісі магистрантпен бірлесіп, тағылымдама жоспарын әзірлейді (**Б қосымшасы**).

- 2) жақын және алыс шет елдерде ғылыми тағылымдамадан өту үшін кафедра меңгерушілері диссертациялық жұмыс тақырыбы, тағылымдамадан өту кезеңі бар магистранттардың аты-жөнін көрсете отырып, қызмет хаттарды (**В қосымшасы**) дайындайды және тағылымдама жоспары мен тағылымдамаб асталғанға дейін кемінде бір ай бұрын жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөліміне береді, ол шетелдік жоғары оқу орындарымен (ұйымдармен және т. б.) хат алмасады және ресми шақыру алады. Шақыруды шет тілінде алған кезде мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аударманы орындау қажет.

- 3) Тағылымдамадан өту мерзімі мен жоспары келісілгеннен кейін жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі магистранттарды тағылымдамаға жіберу туралы бұйрық дайындайды.

- 4) Келгеннен кейін магистранттар оларды қабылдайтын жоғары оқу орнының құрылымдық бөлімі басшысының қарамағына түседі және одан әрі келісілген жоспарға сәйкес жұмыс істейді, сонымен бір мезгілде тағылымдама бойынша есеп ресімдейді.

- 7) тағылымдама аяқталған күні әрбір магистрант тағылымдама бойынша дайындалған есепті ұсынады, оған қабылдаушы құрылымдық бөлімнің тағылымдама жетекшісіне бұрыштама қояды.

- 8) Тағылымдама аяқталғаннан кейін магистрантқа сертификат беріледі.

Тағылымдама аяқталғаннан кейін 3 күн ішінде магистрант келесі құжаттарды ұсынады:

- Тағылымдамадан өту бойынша өзі жасаған барлық құжаттар қоса берілген жазбаша есеп, сондай-ақ тағылымдама жоспарында көзделген есептік құжаттама;

- Тағылымдама бойынша есеп аяқталғаннан кейін бір апта мерзімде тапсырылады. Есепті қорғау маман даярлаушы кафедраның отырыстарында жүргізіледі. Тағылымдама нәтижелері МҒЗЖ(МЭЗЖ) аттестаттау кезінде қаралады және бағалау кезінде ескеріледі.

(анықтамалық)
Магистранттардың ғылыми тағылымдамасын ұйымдастыру
іс-қимылдарының тізбесі

Процесс кезеңдері	Жауапты тұлғалар
Магистранттарды тағылымдамаға бөлу	Ғылыми жетекші, кафедра меңгерушісі Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі
Екі жақты шарттар жасасу	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі
Ғылыми тағылымдаманы дайындау және өткізудің тәртібі	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі
Магистранттардың тағылымдама жоспарын құру	Ғылыми жетекші, магистрант
Магистранттардың тағылымдамадан өту жоспарын келісу	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі, кафедра меңгерушісі, ғылыми жетекші
Магистранттардың тағылымдамадан өту жоспарын бекіту	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор
Тағылымдама бойынша есеп	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі, Кафедра меңгерушісі, ғылыми жетекші

(міндетті)

Магистранттардың ғылыми тағылымдамадан өту жоспарының үлгісі

«Келісемін»

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті Оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректоры

_____ ФИО

(Қолы) (Аты-жөні)

«_____» _____ 2024 ж.

«Бекітемін»

Қызылорда «Болашақ» университеті Академиялық мәселелер жөніндегі проректор, ф.ғ.к.

_____ Снасапова Г.Ж.

(Қолы) (Аты-жөні)

«_____» _____ 2024 ж.

ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ**ҒЫЛЫМИ ТАҒЫЛЫМДАМА ЖОСПАРЫ**

Магистранттың толық аты-жөні: _____

Білім беру бағдарламасы коды, атауы: _____

Дайындық бағыты: _____

Тағылымданың өту орны: _____

Тағылымдама мерзімі: _____

Магистрлік диссертация тақырыбы: _____

№	Іс-шара атауы	Орындалу мерзімі	Күтілетін нәтиже
1.			
2.			
3.			
4.			
5.			
6.			
7.			

*Ескертпе: ғылыми тағылымдамадан өту кезінде диссертациялық жұмыс тақырыбының бағыты бойынша зерттеулер жүргізіледі.

Ғылыми тағылымдама жоспары «_____» кафедрасының мәжілісінде қаралып, бекітілген.

№ _____ хаттама, «_____» _____ 2024ж.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімінің басшысы

(Қолы)

(Аты-жөні)

Ғылыми жетекші

(Қолы)

(Аты-жөні)

Кафедра меңгерушісі

(Қолы)

(Аты-жөні)

Магистрант

(Қолы)

(Аты-жөні)

В қосымшасы

(міндетті)

Магистранттарды ғылыми тағылымдамаға жіберу туралы қызметтік хаттың үлгісі

Қызмет хат ұсынылған тұлғаның лауазымы және аты-жөні

Қызылорда «Болашақ» университеті мен _____
университеті арасындағы ынтымақтастық келісім шартына сай 2 курс магистранттарын Сіз
басқарып отырған университетке ғылыми тағылымдамадан өтулеріне ықпал жасауыңызды
сұраймыз.

Ректор

У.Умбетов

Орындаған:

Тел.:

Эл почта:

Магистранттардың тағылымдама есебінің үлгісі

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ**

_____ жоғары мектебі
_____ кафедрасы

МАГИСТРАНТТЫҢ ҒЫЛЫМИ ТАҒЫЛЫМДАМАСЫ БОЙЫНША ЕСЕБІ

Магистрант: _____
(аты-жөні, оқу тобы)

Білім беру бағдарламасы: _____

Тағылымдамадан өту орны: _____

Жетекші: _____

« _____ » _____ 2024ж.№ _____ бұйрықпен тағылымдамаға жіберілді.

Тағылымдамадан өту мерзімі: « _____ » _____ 2024 - « _____ » _____ 2024 жж.

Орындады. Магистрант: _____ (Аты-жөні, тобы)	Жетекшісі: _____ (Қолы)

	(Жетекшісінің аты-жөні)
	М.О.

Қызылорда, 2024ж.

Мазмұны

Магистрант _____
(тегі, аты, әкесінің аты)

_____ білім беру бағдарламасы
(шифры, атауы)

Ғылыми жетекшісі _____
(тегі, аты, әкесінің аты)

(ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, қызметі)

Тағылымдамадан өткен орны _____

(университет/ұйым, қала, ел атауы)

Тағылымдамадан өткен мерзімі _____

1. Ғылыми тағылымдама жоспарына сәйкес атқарылған жұмыс түрлері, нәтижелердің маңыздылығы _____

2. Магистранттың ғылыми тағылымдама шеңберінде конференцияға, семинарға, дөңгелек үстелге, академиялық курсқа т.б. қатысуы _____

3. Ғылыми тағылымдама нәтижесі бойынша жарияланымдары (бар болса)

Р/с	Мақала атауы	Баспасы, шыққан орны	Баспа табағының көлемі

4. Қосымша жұмыс түрлері _____

5. Ғылыми тағылымдама нәтижелілігі мен тиімділігіне қатысты магистранттың пікірі _____

Магистрант _____

(қолы, аты-жөні)

Ғылыми тағылымдама жетекшісі _____

(қолы, аты-жөні)

Магистранттың ғылыми тағылымдамадан өтуі жөніндегі есебі

(Ғылыми тағылымдаманы өткізу орны)

факультеті, _____

кафедрасының мәжілісінде қаралған.

Хаттама № _____, « _____ » _____ 2024ж

Ескерту. Магистранттың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысы шеңберінде ғылыми тағылымдамадан өту жөніндегі есебінде магистранттың жеке жұмыс жоспарына сәйкес инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа

түрлерімен танысу үшін тиісті саланың немесе қызмет саласының ғылыми ұйымдарында және (немесе) ұйымдарында ғылыми тағылымдамадан өту барысы баяндалады.
КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық мәселелер жөніндегі
проректоры: Г.Ж.Снасапова

Академиялық мәселелер жөніндегі
басқарма басшысы: А.К.Мырзанова

Білім беру және педагогика жоғары мектебі
деканы: Д.Ж.Серкебаев

Бизнес, техника және технология жоғары
мектебі деканы: М.Ә.Ембергенов

Құрастырған:

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім
бөлімінің басшысы: А.Т.Еспенбетова